ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 29 мамыр № 5265-26-00-2/1828 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М.Дербисова оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республика Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Мансур» Бакымбетова Марзияш Максетовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Қазақстан Республика Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Мансур» Бакымбетова Марзияш Максетовнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Мансур» Бакымбетова Марзияш Максетовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Мансур» Бакымбетова Марзияш Максетовнадан мемлекеттің пайдасына 7 955 (жеті мың тоғыз жүз елу бес) теңге тұрақсыздық айыппұл, 2 243 (екі мың екі жүз қырық үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Дербисова А. М., 30.05.2026
Заңды күшіне енген күні: 17.07.2026, судья Сейтжанұлы С., 17.07.2026
5265-26-3-1/1769

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья Дербисова А.М.

Құжатқа қол қойылған: Дербисова А. М., 30.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2026, судья Сейтжанұлы С., 17.07.2026

5265-26-3-1/1769